

«№39 Лесбек Жолдасов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Әдістемелік кеңес отырысының

№1 Хаттамасы

Өтілген күні: 31.08.2023ж.

Қатысқандар: директордың оқу тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, әдіс бірлестік жетекшілері

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Әдістемелік кеңестің жаңа құрамын бекіту.
2. 2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік кеңесінің жұмыс жоспарын бекіту.
3. 2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің 2023-2024 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатымен таныстыру.
4. ҚР жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарымен таныстыру.
5. Күнтізбелік-тақырыптық жоспар мазмұнының үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкестігі.
6. Үлгерімі төмен білім алушылармен жұмыс жасау алгоритмінің жоспарын бекіту.
7. Педагогтерді аттестаттаудың тиімділігі.
8. Тәлімгерлік жүйесі қызметінің тиімділігі
9. Әдістемелік бірлестіктердің онкүндігін бекіту.
 - 1) Технология және өнер ӘБ
 - 2) Дене шынықтыру ӘБ
 - 3) Орыс және шет тілі ӘБ
 - 4) Математика және информатика ӘБ
 - 5) Адам және қоғам ӘБ
 - 6) Қазақ тілі және әдебиеті ӘБ
 - 7) Жаратылыстану ӘБ

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Р.Мустапаева 2023-2024 оқу жылына арналған мектепте пәндер бойынша әдістемелік кеңес мүшелеріне төмендегі мұғалімдерді ұсынды:

1. Қазақ тілі мен әдебиеті ӘБ жетекшісі – Ж.Алипова
2. Орыс тілі мен әдебиеті ӘБ жетекшісі – Ж.Сыздыкова
3. Ағылшын тілі ӘБ жетекшісі – С.Райкулова
4. Бастауыш ӘБ жетекшісі – А.Рабилова
5. Тарих және география ӘБ жетекшісі – Г. Молдабекова
6. Математика және физика ӘБ жетекшісі – О.Кененбаева
7. Химия және биология ӘБ жетекшісі – С.Карибаев
8. Технология ӘБ жетекшісі - А.Аликулова
9. Дене шынықтыру ӘБ жетекшісі – М.Асилов

Екінші мәселе бойынша 2023-2024 оқу жылына арналған ғылыми-әдістемелік жұмыс жоспарымен таныстырды.

Үшінші мәселе бойынша қазақ тілі мен әдебиеті пәні әдіс бірлестік жетекшісі Ж.Алипова ҚР орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің 2023-2024 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстырды.

ҚР жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарымен таныстыртырып өтті.

Сонымен қатар, күнтізбелік-тақырыптық жоспар мазмұнының үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкестігі туралы айтып өтті.

Алтыншы мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Р.Мустапаева үлгерімі төмен білім алушылардың оқу үлгерімін арттыру барысында оқу іс-әрекетіне қолдау көрсету, білім алу қажеттіліктерін және жеке даму жолын ескере келе, пән бойынша білімін толықтыру алгоритмін әзірлеу керектігін айтып өтті.

Жетінші мәселе бойынша «Педагог мәртебесі туралы» Заң қабылданғалы бері мұғалімдердің қоғамдағы орны айшықтала түскендігі туралы айтып өтті. «Пәндік білім» блогы бойынша тест тапсырмаларының саны 70-тен 30 тест тапсырмасына дейін, «Оқыту әдістемесі» блогы бойынша 30-дан 20 тест тапсырмасына дейін қысқартылғанын, бірнеше дұрыс жауап таңдайтын тест тапсырмалары алынып тасталғанын, оған қоса, 30 және одан да көп жыл педагогикалық өтілі бар және жаңа аттестаттау жүйесі бойынша санаты бар педагогтер біліктілік санатын растаған жағдайда тестілеуден босатылып, аттестаттаудың екінші кезеңінен ғана өтетінін, яғни портфолио тапсыратынын айтып өтті. Ал, егер көп жыл еңбек өтілі бар мұндай мұғалімдер біліктілік санатын жоғарылатқысы келсе, аттестаттаудан жалпы негізде өтетіні туралы айтты.

Сегізінші мәселе бойынша тәжірибелі мұғалімдер тарапынан жас мамандарды қолдау, көмек көрсету, білім беруді үздіксіз процесс ретінде жалғастыруын дағдыландыру, білім берудің жаңа түрлерін меңгеру, әдіс-тәсілдерімен оқыту және тәрбиелеу шеберлігін арттыруда жас мамандарға қолдау көрсету керектігін айтып өтті.

Тоғызыншы мәселе бойынша әдістемелік бірлестіктердің онкүндігін

- 1) Технология және өнер ӘБ - қазан
- 2) Дене шынықтыру ӘБ - қараша
- 3) Орыс және шет тілі ӘБ – желтоқсан
- 4) Математика және информатика ӘБ - қаңтар
- 5) Адам және қоғам ӘБ - ақпан
- 6) Қазақ тілі және әдебиеті ӘБ - наурыз
- 7) Жаратылыстану ӘБ және бастауыш ӘБ – сәуір айларына жоспарланғанын айтып өтті.

Ұсыныс:

1.Әдістемелік кеңес мүшелеріне

1.Қазақ тілі мен әдебиеті ӘБ жетекшісі – Ж.Алипова

2.Орыс тілі мен әдебиеті ӘБ жетекшісі – Ж.Сыздыкова

3.Ағылшын тілі ӘБ жетекшісі – С.Райкулова

4.Бастауыш ӘБ жетекшісі – А.Рабилова

5.Тарих және география ӘБ жетекшісі – Г. Молдабекова

6.Математика және физика ӘБ жетекшісі – О.Кененбаева

7.Химия және биология ӘБ жетекшісі – С.Карибаев

8.Технология ӘБ жетекшісі- А.Аликулова

9.Дене шынықтыру ӘБ жетекшісі – М.Асилов
бекітілсін.

2. 2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік кеңесінің жұмыс жоспары
бекітілсін.

3.2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы «Қазақстан Республикасының
орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің 2023-2024 оқу жылындағы
ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатпен сәйкес жұмыс жүргізілсін.

4.Күнтізбелік-тақырыптық жоспар мазмұнының үлгілік оқу бағдарламаларына
сәйкес бекітілсін.

5.Үлгерімі төмен білім алушылармен жұмыс жасау алгоритмінің жоспары
бекітілсін.

6. Тәжірибелі мұғалімдерден жас мамандарға тәлімгерлер бекітілсін.

7. Әдістемелік бірлестіктердің онкүндігі

1) Технология және өнер ӘБ - қазан

2) Дене шынықтыру ӘБ - қараша

3) Орыс және шет тілі ӘБ – желтоқсан

4) Математика және информатика ӘБ - қаңтар

5) Адам және қоғам ӘБ - ақпан

6) Қазақ тілі және әдебиеті ӘБ - наурыз

7) Жаратылыстану ӘБ және бастауыш ӘБ – сәуір
айларына бекітілсін.

Мектеп директоры:



У.Нысанбаева

Хатшы:

С.Райкулова